

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА**  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА**

---

ГТАХР 17.82.32

**Ж.Т.Қобланов<sup>1</sup>, Б.Ә.Карымсакова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕ АҚ, Ақтау қаласы, 130000, Қазақстан Республикасы

**ЖОВАННИ БОККАЧЧОНЫҢ «ДЕКАМЕРОН» НОВЕЛЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

*Мақала итальян әдебиетіндегі Жованни Боккаччоның «Декамерон» новеллалар жинағының маңызын пайымдауға арналған. Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян әдебиеті Жованни Боккаччо новеллаларының мысалында қарастырылады. Новеллалар жинағы авторының сол дәуірде «назарға лайық емес» деп келген заманагөй новелла жанрын жоғары даму сатысына көтергендігі, оның реалистік және демократиялық бағытының айқындығы нақты мысалдар арқылы талданады. «Декамерон» жинағына енген новеллалардың идеялық бағытын, кейіпкерлерді суреттеудегі қаламгер шеберлігін, өзіне тән ерекшеліктерін саралау арқылы сол кезең әдебиетіндегі жазушының өзіне тән қасиеттерін жоққа шығаратын, хикаялардағы халықшылдық рухқа және реалистік дамуға кедергі болған, табиғат пен адамның қадір-қасиетіне дұшпан, шынайы өмірді мойындамайтын діни-аскетизм саясатына қарсы сыни көзқарасты бағалауға талпыныс жасалады. Мақалада сонымен қатар Жованни Боккаччоның «Декамерон» жинағының өзінен кейінгі әдебиетке тигізген әсері де пайымдалған.*

*Кілт сөздер: новелла, христиан шіркеуі, кейіпкер, халық ауыз әдебиеті, реалистік характер, романтикалық рух.*

**КІРІСПЕ**

Мақаланың тақырыбының өзектілігі Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян әдебиетінің көрнекті өкілі Жованни Боккаччо шығармашылығының негізгі табиғатын сипаттау.

Зерттелу деңгейі. Мақалада Жованни Боккаччоның «Декамерон» жинағына енген хикаялары негізінде жазушы туындыларының ерекшеліктері қарастырылады. Хикаялардағы авторлық идеяға, шынайы, демократиялық бағытқа, халықшылдық рухқа назар аударылады.

Ғылыми маңыздылығы. Жованни Боккаччо хикаяларының сол дәуір әдебиетіндегі маңыздылығын көрсетуге керекті көркемдік құралдарды қолданудың сипатын анықтайды.

Ғылыми жаңалығы. Жованни Боккаччо новеллаларындағы тақырып пен мазмұн ерекшеліктері, діни-аскетизм саясатына қарсы сыншыл көзқарастар сөз болады. «Декамерон» жинағының Қайта өрлеу дәуірі әдебиетіндегі маңызы анықталады, құрылымы, даму деңгейі талданады, олардың әрқайсысына сипаттама беріледі және қолдану әдістері сараланады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны негізіндегі материалдар құрайды.

Зерттеу әдістері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттеріне байланысты айқындалды. Зерттеу әдістері: талдау, синтездеу, жүйелеу, сипаттау, тұжырымдау.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Жованни Боккаччоның ең маңызды шығармасы «Декамерон» атты новеллалар жинағы болып табылады. Гуманизм идеяларын шынайы бенелеген «Декамерон» жинағы – орта

ғасырлық діни аскеттікке ойсырата соққы берген, Қайта өрлеу дәуірінің ең алғашқы көлемді туындысы.

Дүниетанымы жағынан алғанда республикашылдықты қолдаған Жованни Боккаччо әдебиет саласында қарапайым халықтың мәдени дәстүрлеріне өте жақын болды. Жазушы халық фольклорының ең үздік мұраларын және антикалық әдебиет жәдігерліктерін игеру, солардан тиімді пайдалану барысында новелла жанрын биік даму сатысына көтере білді.

Итальян тілінде «Новеллионың» (новеллалар жинағы) мазмұны жан-жақты. Мұнда орта ғасырлық рыцарлық романдар, Библия, Шығыс халықтарының ертегілері, ежелгі аңыздарда айтылатын әр түрлі оқиғалар баяндалады. Ең алдымен Италия тұрмысынан алынған әр алуан тақырыптағы шынайы новеллалар оқырманның назарын өзіне баурап алады. Дегенмен, оқиғалардағы басы суреттеулер реализмге нұқсан келтіреді. Жованни Боккаччо новелла жанрына классикалық сипат беріп, итальян хикаяшылығының типі, түрі, тілі, характері және әдісін жасады. Жованни новеллаларының демократиялық рухы оның халықтық дәстүрлерді толық игеруінің нәтижесі еді.

Жованни Боккаччо новелла жанрына жаңа гуманистік мазмұн мен реалистік характерді енгізу арқылы оны «төменгі» жанрдан «жоғары» жанрлар деңгейіне көтерді және өз алдына дербес әдеби жанрға айналдырды.

«Декамерон» жинағында жүз новелла бар. Новеллалар рет-ретімен, белгілі-бір тәртіппен орналасқан. Хикаялар бірін екіншісіне байланыстырушы хикаялармен жалғасып отырады. Бұл әдеби әдіс көне Шығыс халықтары («Мың бір түн») мен антикалық («Метаморфозалар») әдебиетте де қолданылған болатын, бірақ оларда байланыстырушы әңгімелер оқиғаны баяндау, қандайда бір жазаны кейінге қалдыру үшін енгізіліп отырған. Жованни Боккаччо болса, байланыстырушы жаңа хикаяларды тұрмыстық оқиғаларды, характерлерді бейнелеуге пайдаланған.

Флоренция қаласында 1348 жылы аса қауіпті індет тарап, көп адам қаза болады. Індет аман қалған адамдардың мінез-құлқына өте қатты әсер етеді. Орта ғасырдағы діни салт-дәстүрлер, о дүниелік ақырет азаптары туралы уағыздар тағы да өрши түседі. Осындай қиын кезеңде Жованни Боккаччо жаңа түсініктерді хикаялайтын тың туынды жазуды ойлап, «Декамерон» атты шығармасын жазды. Туынды індеттің таралуын бейнелеуден басталады.

«Декамерон» жинағының кіріспесінде флоренциялық бір топ жігіт пен қыздың қалада таралған індетті өздерінше, яғни былайша айтқанда батылдықпен қарсы алуы баяндалады. Жастар өлімді қорқыныш-қайғымен емес, жігермен, ақылмен жеңуге талпынады. Дерт жайлаған шаһардан шығып кеткен үш жігіт пен жеті қыз Флоренцияның маңайындағы Эрам деген баққа барып, өмірдің ақтық сәтін ойын-сауықпен өткізгісі келеді. Олар Эрам бағында он күн тұрады. «Декамерон» деген атау да осыдан келіп шыққан (декамерон - «он күндік» деген мағынаны білдіретін грек сөзі). Жастар әр күнгі отырысты басқару үшін араларынан ханша мен корольді сайлап, әр түрлі хикаялар айтады. Бір күнде бір-бірден он адам он хикаяны баяндайды. Осылайша он күн ішінде айтылған қызықты да мазмұнды хикаялар саны жүзге жетеді. Әр күннің соңында қаламгер сол топтың өмірін бейнелеуге қайта оралып отырады. Жованни Боккаччо хикаяшыларының өз өмірлері туралы хикаялауы жинақтағы хикаялардың бір-бірімен байланысуына мүмкіндік беріп, хикаялардың тұтас бір туынды болуын қамтамасыз етеді.

Жованни Боккаччо католик шіркеуінің «о дүниедегі» рақат үшін «бұл дүниедегі», яки шынайы өмір игіліктерінен бас тарту керек деген кертартпа уағыз-насихаттарына қарсы шығып, оның жалған екендігін нақты өмірлік көріністер арқылы дәлелдейді. Сондықтан да Жованни Боккаччо ғашықтық жолда батыл күресіп, шіркеу танымын мойындамаған ерлерді, әсіресе, әйел-қыздарды қорғайды. Шынайы махаббатты жырлау, феодалдық – ақсүйектік салт-дәстүрлерді сынау, католик діндарларының бұзықшылықтарын, озбырлықтарын әшкерелеу, христиан дінінің ақиқаттығы жайлы мифтің негізсіз өтірік екендігін көрсету, қарапайым еңбекші халықтың әрекетін мадақтау – «Декамерон» жинағындағы оқиғалардың негізгі тақырыбы болып табылады.

Жованни Боккаччо шығармаларында махаббат тақырыбы үлкен орын алады. Жазушы ғашықтықты тән құмарлығы ретінде емес, ал кең мағынасында, атап айтқанда қоғамдық өмірге қатысты жағдайларда алып суреттейді. «Боккаччоның бейнелеуінде ғашықтық сезім адамды шындайды, кездескен тосқауылдарды жеңуге дағдыландырады және адамның бойында жақсы рузани құндылықтарды қалыптастырады» [1, 98].

5-күннің 1-хикаясында махаббат салдарынан өз бойында осындай жақсы мінездер қалыптастырған жас Чимоне жайы баяндалады:

Кипр деген аралда Аристипп есімді бай саудагер жасайды. Ұлдарының бірі Галезо сымбатты, бойшаң, бірақ сотқар жігіт екен. Бұл мінезі әкесіне ұнамайды. Ұстазының өнегелі насихаттары мен әкенің ащы таяғы да оған еш әсер етпейді. Галезо оқуды да, адамгершілік әдептілікті де үйренбейді. Ауыл адамдары мазақ қылып, оған Чимоне («жануар») деген лақап ат қояды. Әкесі Чимонені қыстақтағы жұмыс істейтін қызметшілерінің ортасына жібереді. Олардың әдет-қылықтары да Галезоға өте ұқсас еді. Чимоне бір күні бұлақ басында ұйықтап жатқан ару қызды көріп, оған жа-тәнімен ғашық болады, бірақ қызға махаббатын айтуға батылы жетпейді. Галезо әке алдына барып, өзін ағалары сияқты киіндіруді сұрайды. Сүйіктісінің махаббатына қол жеткізу арманы жас жігітті аз уақыттың ішінде әдепті, сауатты, тәрбиелі болуға мәжбүрлейді. Чимоне ән мен музыканы үйренеді, әскери жаттығуларда ерекше ептілігімен, іскерлігімен көзге түседі. Сөйтіп, Чимоне көптеген қиыншылықтарды басынан өткізіп, соңында сүйіктісінің махаббатына еріседі.

Галезо «адам – таңғажайып, тамаша мақұлық» екен деген қорытындыға келеді. Жованни Боккаччоға дейін ешкім адамның бүкіл адамгершілік қасиеттерін осыншалық жарқын, айқын бояуларымен толық сипатында ашып көрсете алмаған болатын. Галезоның адам туралы осындай жаңаша пайымынан кейін ғана оның жүрегінде пәк махаббат сезімі туады. Адамның жасампаздық күш-қуаты христиандық наным-сенімдей емес, оның құдіреті шексіз деген биік те асқақ гуманистік мағынаны аңғартады. Адам және ғашықтық сезім, махаббат дүниеге әкелген ерлік, батырлық әрқандай тағдыр мен кездейсоқ сәттіліктерден биік тұрады. Махаббат адамды жыртқыштықтан, хайуандықтан арылтады, оны өз тағдыры өз қолындағы жойқын күшке айналдырады. Сондықтан да Галезо (Чимоне) үлкен ризашылықпен сүйіктісіне: «Сен оятқан махаббат арқылы мен адам қатарына қосылдым» [2, 112], дейді.

Жованни Боккаччо биік адамгершілік сезімдерді, гуманистік ой-пікірлерді буржуазиялық эгоизмге, озбырлық пен шексіз байлыққа ұмтылуға қарсы қояды. «Декамерон» жинағындағы достық, жомарттық, махаббат және ерлік сезімдерге толы романтикалық рухтағы хикаялар феодалдық-ақсүйектік салт-дәстүрлерге қатты соққы береді. Өкінішке толы оқиғаларға әкеліп соқтыратын әрқандай әлеуметтік теңсіздік қатты сынға алынады.

Танкред шахзаданың қызы Гисмонда сұлу (4-күннің хикаясы) жары қаза болған соң әкесінің зәулім сарайына оралады. Сарай қызметшісі, Гвискордо деген ақылды жігітті ұнатып қалады. Гвискордомен құпия ұшырасып жүреді. Бұл жағдайды сезген әкесі «әулетіміздің абыройын аяқасты еттің» деп, Гвискордоны түрмеге қамайды. Танкред ертеңіне қызына келіп, көңілсіз оқиғаны есіне салып, оған ренішін білдіреді. Гисмонда сұлу жігітті шын сүйетіндігін айтып, райынан қайтпайтындығын ескертеді. Кедей отбасынан туған, бірақ өз жігері, күші және қабілетімен ақсүйектерден биік тұрған табанды, батыр адамды сүюге еркі бар екендігін батыл айтып, бай мен жарлыға бөлінген әділетсіз, озбыр заманды қатты сынға алады. Адамгершілік рухани сезімдерден мақұрым болған Танкред Гвискорданы өлтіріп, жүрегін алтын табаққа салып қызына жібереді. Оқиғаны дереу түсінген Гисмонда ханшайым «өте дұрыс істеген, осындай адамның асыл жүрегіне алтын ыдыс ғана лайық», деп осы табақпен өзі де у ішіп, мерт болады.

«Декамерон» новеллалар жинағында бейнеленген негізгі идея дінге қарсы бағыттар болатын. Ескірген діни әдет-ғұрыптардан махаббат еркіндігі жоғары орынға шығады.

Боккаччо жасаған дәуірде Рим папасы ашкөздік, сатқындық және бұзықшылық істерге мүлде беріліп кеткен болатын. Шіркеу князьдері діни мансаптарды сату, күнаны кешіру

есесіне ақша алып, өте көп байлық жинайды. Абыройы айрандай төгілген шіркеуге қарсы ересьтік әрекет күшейеді. Бірақ христиан діні мұндай наразылықтарды жауыздықпен жаншып отырды. Католиктік монах ордендері барлық жерде қаптап кетті. Мыңдаған монахтар арамтамақтықпен күн көрді. Олар байлық жинауда католиктік дін өкілдерінен қалыспады. Сондықтан да Боккаччо новеллаларындағы ащы сын олардың ымырашылдық, екіжүзділік әрекеттерін әшкерелеуге бағытталды.

Шіркеу мен діндарлардың екіжүзділігі 1-күннің 1-хикаясында өте шебер көрсетіледі: Уаппелето - өте тойымсыз, жемқор, айлакер, тіпті кісі өлтіруден де қаймықпайтын лас, пасық адам. Ол діншіл емес, бірақ діндарларды әбден сыннан өткен сенімді қаруы аярлықты шебер меңгеріп, өлімі алдында попқа тән болған «таза, пәк жүрекпен» жасаған күналарына «кешірім» сұрайды және қасиетті әулие атағын алады. Аңғал жандар айлакер қылмыскердің өтірік сөзіне иланып, оны үлкен құрметпен монастырьдың алаңына жерлейді. «Декамерон» жинағындағы көп хикаяларда дін өкілдерінің қулықтары әшкереленеді. Монахтар әрбір басқан қадамында залымдық жасайды, еңбекші халықты алдайды, бірақ соңында өздері масқара болады. Мұны монах Альберт монах туралы новелладан айқын көруімізге болады:

Имола қаласында барлық қылмысы ашылып, абырой мен беделден айрылған алаяқ Берто делла Массо Венецияға келіп, өзін дін жолына адал берілген «аға Альбертпін» деп таныстырады. Аса діндар ретінде едәуір абырой жинайды, құпия түрде келеңсіз қылықтарын жалғастырады. Монастырьда сайқал әйел Лизеттаға кездесіп, оның әдемі екендігін айтып мақтайды. Соң түнде «періште» болып, әйелдің үйіне келіп, жасырын «кездесіп» тұрады. Осындай бір кеште «періште» киімінде келген Альберт әшкере болудан қорқып, терезеден шығып қашады, сөйтіп бір жарлы шаруаның үйіне кіріп жасырынады. Таң атқан соң періште туралы дақпырт бүкіл қалаға жайылады. Осы хабарды естіген үй қожайыны құтқарамын деген сылтаумен сорлы Альбертті сайқымазақтар мерекесіне жануар киімін киіп шығуға көндіреді. Альберттің денесіне араның балын жағып, қауырсындар жабыстырып, қаладағы үлкен алаңға жетектеп алып шығады. Шыбындар мен аралар бал жағылған топас алаяққа қарай лап қояды. Сөйтіп Альберттің қылмысы әшкереленіп, жұрт алдында масқара болып түрмеге қамалады.

6-күннің 3-хикаясында шіркеудегі монах Чиполланың алаяқтықтары масқараланады. Қулығы мол, әрі епті Чиполла шайтанмен айқасқа түскен Михаил періштенің «мандайынан сорғалаған терді, Лазар әулиенің бас сүйегін, Херувимнің қасиетті тырнағын, және т.б. таңғажайып нәрселерді өз көзіммен көрдім» деп, аңқау, сенгіш жандарды алдап соғады. Чиполла бір күні періштенің қауырсындарын көрсетемін деп диқандарға мақтанады. Жиналған халыққа Чиполла періштенің қауырсындарын көрсетпекші болып, қорапты аша бастағанда болған оқиғаны тез аңғарып, дереу әулие Лаврентийдің өртелген сүйегінен қалған «көмір» деп, сол көмірмен жұрттың киімдеріне крест салып, алдап, бұрынғыдан көп ақша жинайды.

«Декамерон» жинағында қатардағы қарапайым діндар монахтан бастап, сонау Рим папасына дейін сынға алынып, әшкереленеді. Діндарлардың қитұрқы қылмыстарын жақсы білетін Жованни Боккаччо олардың бұзықшылық әрекеттерін аяусыз масқаралайды. Қаламгер діндарларды әжуалауға қажет көркемдік тәсілдерді шебер пайдалана отырып, оларды күлкілі кейіпкерлерге айналдырады, осылайша, халық алдында масқарасын шығарады»[3,172]. Христиан шіркеуіндегі дін өкілдері «діндардың істегенін істеме, айтқанын істе» деген қағидатқа сүйеніп әрекет етеді. Сондықтан ұлы гуманист жазушы Жованни Боккаччо «Декамерон» жинағында озбырлық дәнін себуші христиан діні мен оның діндарларының зұлымдық әрекеттерін әшкерелеуге барлық күшін, жігерін, таланты мен білімін жұмсады.

Халық ауыз әдебиетіндегі күлкілі элементтерді мол пайдаланған Жованни қарапайым жандар бойындағы жақсы қасиеттер – тапқырлық, даналық және ептілікті суреттейтін хикаялар да жазды. Андреуччо туралы хикаяны (екінші күннің бесінші хикаясы) осындай шығармаға жатқызуымызға болады: Перуджияда жылқы сатумен айналысатын Андреуччо есімді жігіт ат сатып алу үшін Неаполь қаласына келеді. Бірақ бұл күні оның шаруасы

бітпейді. Қалада босқа сандалып жүр демесін деп аңғал жігіт, әмиянын біресе қалтасына салады, біресе қолына алады. Мұны көрген бір алаяқ қатын жігіттің ақшасын алдап алмақшы болады. Кеште Андреуччо жатқан қонақүйге қызметшісін жіберіп, өзінің ағасы екендігін (Андреуччоның әкесі Палермоға келіп жүргенінде жесір анасымен көңілде болып, содан туғандығын) айтып, оны сендіреді. Кешкі астан соң, алаяқ әйел «басқа жұртта түн ішінде жалғыз жүру өте қауіпті» деп қонағының үйден кетуіне рұқсат бермейді. Андреуччоны алдап іштегі бөлмеге кіргізгенде, қазылған лас шұңқырға құлап түседі. Алданып қалған жігіттің айқайына ешкім көңіл аудармайды. Мұнан соң Андреуччо тағы да бірнеше рет осындай көңілсіз оқиғаларға душар болады. Қонақүйдегі бірге тұрып жатқан серіктері жақында ғана қайтыс болған Неаполь архиепископының қымбат алтындарын алу үшін аңғал жігітті қабірге де түсіреді. Қабірден әрең қашып құтылған Андреуччо шұғыл түрде өз қыстағына қайтуға мәжбүр болады.

Сегізінші және тоғызыншы күндері айтылған хикаялардың кейіпкерлері епшіл, тапқыр жігіттер Нелло, Буффальмако мен Брунолар ақылсыз Каландрино және Симонияны әжуалайды. «Жованни Боккаччо қарапайым, кедей жандарды адамгершілік қасиеттерге бай адамдар ретінде бейнелеп, оларға үлкен құрмет көрсетеді» [4, 246].

Үшінші күндегі 2-новелласында бір атбегі өз қожайыны болған Агилульф корольмен ханшайымның нақсүйері жайлы тартысқа түседі. Даналық, тапқырлық сайысына түскен қарапайым атбегі корольді жеңіп шығады. Жинақта мұндай мысалдар көп кездеседі. Бұл әрине «Декамерон» новеллаларында халық фольклоры материалдары, халықшылдық пікірлер мол екендігін көрсетеді» [5, 33]. «Кедей» топтан шыққан адамдар әрдайым феодалдарды жеңіп отырады. Ақсүйек Анверский (2-күннің 8-новелласы) жалаға ұшырап, туған жерінен бас сауғалап, шет елде атбегі болуға мәжбүр болады. Ерік-жігер күшті болғандықтан, Анверский көп қиыншылықтарды жеңіп, хикая соңында өз еліне оралады. Халық даналығында айтылатын «шындық пен әділеттік ақыры жеңеді» деген ой осы новеллада өз көрінісін тапқандығын көреміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Шағын көлемді хикаялары арқылы Боккаччо сол заман тұрмысының әр түрлі жақтарын шынайы суреттерімен көркем бейнелеген шебер қаламгер. Жазушы новеллаларының тіліне ерекше көңіл аударып, тілдегі қысқа, айқын бейнелі суреттерді шеберлікпен қолданды. XIV, XV және XVI ғасырларда өмір сүрген итальян новеллашылары Жованни хикаяларының тілінен үлгі алып, үйренді.

«Декамерон» жинағын аяқтаған соң, Жованни Боккаччо дегдарлық (аскеттік) көңіл-күйге қайта оралады. Бұл жағдай оның аллегориялық «Корбоччо яки махаббат шытырманы» (1354-1355) дастанында көрінеді. Қаламгерді әжуаға айналдырған әйелден кек алу үшін жазылған осы поэма нәзік жандарға арналған памфлет болатын.

«Декамерон» новеллалар жинағында нәзік жандарға ерекше ілтипат көрсеткен [6, 111] жазушы енді әйелдерге қарсы шығады. Өмірінің соңғы кезеңінде жазушыда осындай көңіл-күйдің пайда болуы феодалдық қоғамдағы шіркеудің өрескел қысымының әсері еді. Дегенмен мұндай өзгеріс «Декамерон» жинағының халық санасына тигізген оң ықпалын кеміте алған жоқ. Орта ғасырлардағы діни-аскетизмге ымырасыз соққы берген Жованни Боккаччоның бұл новеллаларының қанша ғасыр өтсе де өз маңыздылығын жоймайтыны даусыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Боккаччо Джованни. Декамерон. – Москва: Алгоритм, 2020. – 736 с.
- 2 История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли. Том 2. – Москва: Искусство, 1964. – 836 с.
- 3 Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы.3-кітап. – Алматы: «Лантар Трейд», 2020. – 491 б.

4 Боккаччо Дж: pro et contra, антология/Сост., вступ. статья, коммент. М. С. Самариной, И. Ю. Шауба; коммент. В. В. Андерсена, И. Ю. Шауба, Ч. Пило Бойл ди Путифугари. – СПб.: Издательство РХГА, 2015. – 735 с.

5 Ефименко, А.Е. (2019). От «сюжета» к «сюжету», и еще раз о «сюжете». Шаги /Ступени, 5(2), 10-35. DOI: 10.22394/2412-9410-2019-5-2-10-35

6 Лозинская Е.В. «Декамерон» и его читательницы: рецепция произведений Боккаччо его современниками // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 7, Литературоведение: Реферативный журнал. – 2014. – № 4. – с. 109-114.

Материал 03.02.2022 баспаға түсті

#### REFERENCES

- 1 Boccaccio, G. (2020) *Dekameron* [The Decameron]. Translated from Italian. Moscow: Algoritm.
- 2 Baumgarten, A. (1964) *Istoriya estetiki. Pamyatniki mirovoy esteticheskoy mysli* [The history of aesthetics. Monuments of world aesthetic thought]. Translated from German. Vol. 2. Moscow: Iskusstvo.
- 3 Қобланов, Ж. (2020) *Shetel әdbietiniң tarikhı* [History of foreign literature]. Vol. 3. Almaty: "Lantar Treyd".
- 4 Samarina, M.S. et al. (2015) *Bokkachcho Dzh.: pro et contra: Antologiya* [Boccaccio G.: pro et contra: Anthology]. St. Petersburg: Izdatel'stvo RKhGA.
- 5 Efimenko, A.E. (2019). Ot "syuzheta" k "syuzhetu", i eshche raz o "syuzhete" [From 'plot' to 'plot' and then again to 'plot']. *Shagi – Steps*, 5 (2), pp. 10–35. doi: 10.22394/2412-9410-2019-5-2-10-35
- 6 Lozinskaya, E.V. (2014) "Dekameron" i ego chitatel'nitsy: retsepsiya proizvedeniy Bokkachcho ego sovremennikami [The Decameron and its female readers: reception of Boccaccio's works by his contemporaries]. *Sotsial'nye i gumanitarnye nauki. Otechestvennaya i zarubezhnaya literatura. Seriya 7, Literaturovedenie: Referativnyy zhurnal*, 4, pp. 109–114.

#### Сборник новелл «Декамерон» Жованни Боккаччо

Ж.Т.Кобланов<sup>1</sup>, Б.А. Карымсакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова», г. Актау, 130000, Республика Казахстан

*Статья посвящена осмыслению значения сборника новелл «Декамерон» Жованни Боккаччо в итальянской литературе. Итальянская литература эпохи Возрождения рассматривается на примере новелл Жованни Боккаччо. На конкретных примерах анализируется тот факт, что автор сборника новелл поднял жанр современной новеллы на более высокую ступень развития, выразительность его реалистического и демократического направления, который в ту эпоху считался «недостойным внимания». Через дифференциацию идейной направленности новелл, вошедших в сборник «Декамерон», писательского мастерства в описании персонажей, характерных черт в литературе того периода предпринимаются попытки оценить критическое отношение к религиозно-аскетической политике, отрицающей характерные черты писателя, препятствующей народному духу и реалистическому развитию в новеллах, враждебной природе и человеческому достоинству, не признающей реальной жизни. В статье также рассматривается влияние сборника «Декамерона» Джованни Боккаччо на последующую литературу.*

*Ключевые слова: новелла, христианская церковь, персонаж, фольклор, реалистический персонаж, романтический дух*

Материал поступил в редакцию журнала 03.02.2022

### **The collection of novellas *Decameron* by Giovanni Boccaccio**

Zh. T. Koblanov<sup>1</sup>, B. A. Karymsakova<sup>1</sup>

Yessenov University, Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan

*The article analyzes the importance of the collection of novellas Decameron by Giovanni Boccaccio in Italian literature. Italian literature of the Renaissance is considered on the example of the novellas of Giovanni Boccaccio. Boccaccio's development of the novella genre, which at that time was thought not to "deserve attention", the clarity of the collection's realistic and democratic orientation are analyzed using specific examples. By specifying the ideological orientation of Decameron novellas, the skill of the writer in portraying the characters, features characteristic of the literature of that period, an attempt is made to evaluate Boccaccio's critical attitude to the religious-ascetic policy that denies the writer's inherent qualities, hinders the spirit of populism and realistic development in the novellas, the policy hostile to the dignity of nature and person that does not recognize real life. The article also examines the influence of Boccaccio's collection on later literature.*

*Key words: novella, Christian church, character, folklore, realistic character, romantic spirit*

Received: 03.02.2022

ГРНТИ 17.09.91

**Л.Е. Токатова<sup>1</sup>, З.С. Мерц<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Павлодарский педагогический университет, Павлодар, 140002, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Дома-музей Павла Васильева, г. Павлодар, 140002, Республика Казахстан

### **ФУНКЦИОНАЛЬНОСТЬ ПЕЙЗАЖА АБАЯ И ПАВЛА ВАСИЛЬЕВА: СВЯЗИ И ПАРАЛЛЕЛИ**

*Статья посвящена актуальной проблеме функциональности пейзажа. Исходным является традиционное представление о пейзаже как структурно-содержательном компоненте художественного произведения и способе выражения автора и героя. Природа в восприятии Абая и П.Васильева - одна из важнейших поэтических сторон действительности. Она всегда изображена в поэтическом контексте. В статье обращается внимание на самые главные функции пейзажа в лирике Абая и Павла Васильева – мировоззренческую, философскую, психологическую, портретно-описательную, эмотивную. Так, мировоззренческая функция пейзажа у Абая осложняется морально-философским либо этическим смыслом, который всегда усиливает поэтическую программу поэта. У П. Васильева природа представлена в философском обрамлении, служит критерием ценности и оценки человека, действительности, определителем их сущности. Также проводится мысль о том, что в пейзажах проявляется мировосприятие художника, создающего картины природы, главным образом для того, чтобы сказать свое слово о жизни: природа является своеобразным героем произведения, героем «от автора», а у каждого из авторов свой взгляд на жизнь. В выводе статьи приводится краткая характеристика полифункциональности пейзажей Абая и П. Васильева.*

*Ключевые слова: пейзаж, функциональность пейзажа, пейзаж Абая, пейзаж Павла Васильева, национальный колорит, казахская поэзия, времена года, природа.*